**БЕКІТЕМІН**
Мектеп директоры __________ С.Б.Биртаева
«_31_»__08__ 2023 ж

**КЕЛІСЕМІН**
Директордың тәрбие ісі жөніндегі
орынбасары__________К.С.Мукашева
«_31_»__08__ 2023 ж

**«Талдысай жалпы білім беретін орта мектебі» КММ-нің**
**«Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша**
**2023-2024 оқу жылына арналған«Талдысай жалпы білім беретін орта мектебі» КММ-нің**
**~~6 сыныбы~~**

**КЕШЕНДІ ЖОСПАРЫ**

**Сынып жетекшісі:** ***Г.К.Турежанова***

2022-2023 оқу жылындағы 3а сыныбының тәрбие жұмысының талдауы

3 «А» класында жылдыкта барлығы төрт ата-аналар жиналысы болды. Жиналыстар «жанұя мен баланың бос уақыты», «Мінез-құлық әліппесі», «Бақытыңды балаңнан ізде», «Бақытты жанұя.Ол қандай»тақырыбында өткізілді. Онда баяндамалар оқылды, тесттік тапсырмалар орындалды, ойындар ойнатылды,тренингтер сондай-ақ ағымдағы мәселелер бойынша ата-аналар комитеті сайланды және оқушылардың жалпы сабаққа катысымдары, оқу үлгерімі, тәртібі айтылды. Баланы сабақтан себепсіз қалдырмау, оқу үлгерімін үйден де қадағалап отыру керектігі нақтыланды. Жиналыстар өз уақытында өткізіліп, ата-аналарға мектептің ішкі тәртібі жөнінде айтылып, жалпы ата-аналардың оқу-тәрбие саласындағы рөлі(жауапкершілік,балаға уақыт бөле білу,мұғаліммен бірігіп жұмыс жасау)каралды.
Оқушылардың тәрбие бағытындағы қойылған көп шаралар өтті.
**Қазақстандық патриатизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие** бағытында Отанын сүю,азаматтығын мақтан тұтып,ҚР конституциясының маңызын білу мақсатымен білім күнінде «Мен өз елімнің патриотымын»атты тәрбие сағаты өткізілді.ҚР тәуелсіздік күнінде өз Отанының болашағына қызмет ету,қазақ жастарының ерлігін мәңгілік ұмыттауға үйрету мақсатымен «Тәуелсіздігім тірегім.» атты тәрбие сағаты өткізілді.Ана тілін жетік меңгеріп сүйе білу мақсатымен «Тілім мақтанышым.»атты тәрбие сағаты өткізілді.Ұлы Отан соғысына қатысқан ардагерлерді құрметтеу,елжандыққа тәрбиелеу мақсатымен «Жеңіс күні ұлы күн.» тәрбие сағаты және мұражайға экскурсия жасалынды. «Отанға деген сүйіспеншілікпен» атты мектепішілік балалар сурет байқауына оқушылар белсенділікпен қатысты .
**Отбасы тәрбиесі** бағытында өз отбасын,туған-туысын құрметтеу,ата-анасын қадыр тұту олар қамқоршы деген ұғымды терең түсіну,айналадағы қоршаған ортамен жақсы қарым-қатынаста болу мақсатында «Отбасым алтын діңгегім»,«Сәлем сөздің анасы.» «Ана-өмір шуағы.» атты тәрбие сағаттары өткізілді. «Отбасымын қызықты сәттері» атты суреттер көрмесіне қатысты.
**Рухани-адамгершілік тәрбие** бағытында балаларға ұстаздың өмірде алатын орны,оны құрметтеу,сыйлау және қадірлеу қасиеттерін оқушылардың бойына дамыту мақсатымен «Мектеп ережелері.», "Ұстазы жақсының ұстамы жақсы".Балалардың жолдастық, достық қарым-қатынастарын,бір-біріне сыйластығын,қоршаған ортаға және Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру,алған білімдерін ортаға салып эмоциялық көңіл-күйін көтеру,адам бойындағы ұнамды және ұнамсыз қасиеттерін ажырата білу, адамгершілікке,еңбексүйгіштікке үйрету мақсатымен «Мен әдепті баламын», «Бата алғанның бағы бар.» тәрбие сағаттары өткізілді.
**Көпмәдениетті және көркем эстетикалық тәрбие** бағытында балаларға қоғамдағы жалпы адамзаттық моральдық нормаларын сана-сезіміне қалыптастыру,міндеті жайлы түсінік беру,жауапкершілік сезімін көтеру,тәртіптілікті нығайту,өз ой-пікірін айта білу жеке тұлға ретінде қалыптасуын дамыту мақсатымен «Өз құқығыңды біл.»Сонымен бірге оқушыларға қазақ халқы ежелден бейбітшіл,бауырмал халық көп ұлттық ел екенін ұғындыру мақсатымен «Тілі басқа-тілегі бір.»атты тәрбие сағаты өтті.
**Ұлттық тәрбие** бағытында оқушыларға ана тілін сүюге,қадірлеп,қастерлеуге тәрбиелеу мақсатында «Тілге құрмет,елге құрмет.»тәрбие сағаты өткізілді.
Оқушылардың халық ауыз әдебиетіне деген сүйіспеншілігін, қызығушылығын арттыру халық ауыз әдебиетіне құрметпен, оны дамытуға, тіл мәдениетіне, ой ұшқырлығы мен тапқырлыққа өз ұлтын сүюге тәрбиелеу мақсатымен «Мың бір мақал.»тәрбие сағаты өткізілді.Мерекелік сән-салтанаттан эстетикалық ләззат алып,қазақ халқының салт-дәстүрін насихаттап көрсету мақсатымен «Наурыз жыл басы.»тәрбие сағаттары өткізілді.
**Еңбек және экологиялық тәрбие** бағытында оқушыларға көп адамның еңбегімен нанның дастарқанға келуі,сол еңбек адамдарын сыйлай білуге,еңбекқор болуға,өмірдің өзі еңбекке тәуелді екенін ұғындыру мақсатымен «Ас атасы нан»тәрбие сағатыөткізілді.Табиғатты ана ретінде, асыраушы деп білуге,зиян келтірмей,әр кез оны қорғауға, үнемділікке,қанағатқа елін,жерін сүюге тәрбиелеу мақсатымен ««Табиғат

тіршілік нәрі.», «Төрт түлігім ырысым»атты тәрбие сағаттары өткізілді.
**Зияткерлік тәрбие** бағытында қазақ халқының әдет-ғұрыптарының маңыздылығын білу, эстетикалық талғамдарын қалыптастыру мақсатымен «Қазақтың ырым-тыйым сөздері.»тәрбие сағаты өткізілді. Оқушылардың білімдерін тиянақтап,тереңдетумен бірге қызығушылықтарын арттыру,өзіне деген сенімдік қасиеттерін қалыптастыру және білімділік,рухани байлық кітап оқумен тығыз байланысын ұғындыру мақсатымен «Кітап досым ақылшым» тәрбие сағаты өткізілді.
Жас ұрпаққа өнеге,сан қырлы талант иесі,елімізді әлемге танытып,халқымыздың абыройын асқақтатып,құдіретті тұлға ретінде Елбасымызынан үлгі алу мақсатымен «Ел ағасы Елбасы» атты тәрбие сағаттары өткізілді.
Құстарды қорғауға,қамқорлық жасауға баулу мақсатын көздеген «Қанатты достар»тәрбие сағаты өтті.
**Дене тәрбиесі және салауатты өмір салтын қалыптастыру** бағытында оқушы санасын тәрбиелеу,өз денсаулығына жауапкершілік сезімін көтеру, ұйымшылдық пен тәртіптілікті нығайту мақсатында «Денсаулық зор байлық.», «Жеке бас гигенасын сақтау дегенді қалай түсінеміз» атты тәрбие сағаттары өтті.
**Қоршаған ортаны, өзін-өзі оңтайлы қабылдауы,қошбасшылық қасиеттерін тәрбиелеу** бағытында халқымыздың ұлттық салт-дәстүрі, әдет-ғұрыптарында ұл-қыздарына тән қасиеттерін,ұяңдыққа,биязылыққа,инабаттылыққа қалыптастыру мақсатымен «Жақсы деген немене,жаман деген немене» атты тәрбие сағаттары өткізілді.
Жыл бойы қауіпсіздік ережелері бойынша жолда жүру ережелерін сақтау,өрт қауіпсіздігін сақтау ,экотәрбие сағаттары өткізілді.
3 «А»класс оқушылары аса қызығушылықпен республикалық «Кіучеһе» атты байқауына қатысып,жүлделі орындар алды. 1 оқушы көркем еңбек пәнінен «Гүл ғажайып дүние» атты облыстық байқаудан жүлделі 2 орын. «Ақбота»зияткерлік олимпиадасынан 4 оқушы орындар алды.

Қорытындылай келе,осы оқу жылында қойылған тәрбие мақсаты жүзеге асты.Ата-аналар мен педагог бірлескен жұмысының нәтижесін жеткізу мақсатымен барлық тәрбие сағаттары мен ата-аналар жиналыстары уақытында қанағаттанарлық деңгейде өтті.

### Түсінік хат

**«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:** Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

**Міндеттері:** 1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу. 2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу. 3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен Үсыным адалдық қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру. 4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу. 5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

**Күтілетін нәтиже:** 1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қараша шаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді. 2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды жәнеұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды. 3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзінеберік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды. 4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады. 5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оныңбірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

**Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.**

**Ұлттық мүдде құндылығы:** - Қазақстан мемлекеттілігіннығайтуға атсалысу; - Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруғабелсенді үлес қосу; - Ұлттық мұраға ұқыпты қарау; - Қазақ тілінің қолдануаясын кеңейту; - Қазақстан мүддесінеқызмет етуге ұмтылу; - Қоғам игілігі үшінқызмет ету; - Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасызетуге дайын болу; - Ұлттық мәдениеттілдәріптеу;

**Күтілетін нәтижесі:** - Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл - Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді - Елінің тарихын құрметтейді - Ұлттық мирасты, мәдениеттідәріптейді Үсыным - Құқықтық және экологиялықмәдениеті жоғары

**Ар-ұят құндылығы:** - Академиялық адалдыққағидатын қолдау; - Адал еңбекті құрметтеу; - Сөзіне берік, ісіне адал болу; - Халқына адал қызмет ету - Әдеп нормаларын ұстану; - Шешім қабылдай білу жәнежауапкершілікті сезіну; - Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту; - Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бірмүшесі екенін сезіну.

**Күтілетін нәтижесі:** - Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды; - Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады; - Ата-анасына сүйіспеншілікпенқарайды; - Достарын, сыныптастарынсыйлайды; - Кішіге ізет, үлкенге құрметкөрсетеді.

**Талап құндылығы:** - Сыни және креативті ойлау; - Жеке және командаменжұмыс істей білу; - Білуге, жаңаны тануғақұштар болу; - Физикалық белсенді болу; - Салауатты өмір салтынұстану; - Технологиялық және цифрлық дағдылардыілгерілету; - Дұрыс қарым-қатынасорната білу; - Уақыт пен қаржынытиімді жоспарлау.

**Күтілетін нәтижесі:** - Жан мен тән тазалығынсақтайды; - Дұрыс тамақтану мәдениетінтүсінеді; - Қоршаған орта тазалығынсақтайды; Ұсыным - Ақпараттық, медиа жәнеқаржылық сауаттылық; - Төзімпаз, жасампаз тұлға.

Бағдарлама аясында жүзеге асырылатын жобалар:

1. «Оқуға құштар мектеп»
2. «Балалар және театр»
3. «Еңбегі адал жас өрен» (Еріктілермен жұмыс)
4. «Ұшқыр-ой алаңы»
5. «Жеткіншектің жеті жарғысы»
6. «Ұлттық мектеп лигасы»
7. «Ғаламтор қауіпсіздігі»
8. «Төрт тоқсан-төрт өнер»
9. «9 ай- 9 іс-шара»
10. «Ата-аналар мектебі»

**Мектептің тәрбие жұмысының өзекті мәселесі:** Оқушылардың білім, білік, дағды көрсеткіштерінің сапасын арттыру және қазақстандық патриоттыққа тәрбиелеу.

**Мақсаты:** Отанын жақсы көруге, сыни ойлауы жоғары деңгейде дамыған, өзіндік сенімі айқын көрініс тапқан,өмірге деген өз әрекеттері мен көзқарастары жүйелі, қазақ халқының тілін, тарихын, салтын сақтай отырып, өзге ұлттардың ұлттық мәдениетін құрметтейтін, білімге құштар, бірнеше тілдерді меңгерген, салауатты өмір салтын ұстанатын 21 ғасырдың дайынтығы адамын тәрбиелеп шығару;

Міндеттері:

- Жаңа қазақстандық патриотизмді тәрбиелеу;
- Өзін-өзі бағалау мен жеке тұлғаның қоғамдық беделін қалыптастыру;
- Қоғамдық санасын жаңғырту;
- Бәсекеге қабілетті адам қалыптастыру;
- Мәдени-тәрбиелі тұлғаны тәрбиелеу;
- Шығармашылық қабілеттерін арттыру;
- Дені сау болуға , салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу;
- Өз тілін, дәстүрін, мәдениетін сүюге және шет тілдерді білу қажеттілігін талап ету, үйрету;

## I тоқсан-«Ақындар айтысы»

| № | Іс-шараның атауы | Мақсатты аудитория | Ұйымдастыру Түрі | Аяқталу нысаны | Білім беру ұйым-н бірлесіп жұмысжасайтын мем-к органның атауы | Өткізетін мерзімі |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ** | | | | | | |
| **(ОТАН)** | | | | | | |
| | 1 қыркүйек - білім күні «Мектеп – мейірім мекені» | 1-11 сынып | Салтанатты<br>сынып сағаты | Әлеуметтік желіге жариялау сынып сағатының жоспары | Ата-аналар Ардагер ұстаздар Қамқоршылық кеңесі | МДТЖО сынып жетекшілер |
| | «Қауіпсіздік ережелері» нұсқаулықтармен таныстыру *«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы* | 1-11 сынып | Түсіндіру жұмыстары | Анықтама Әлеуметтік желіге жариялау | ІІБ қызметкері | МДТЖО Пән мұғалімдері Спорттық секция жетекшілері Сынып жетекшілері |
| | Мектеп ережелері | 4 | сынып сағаты | сынып сағатының жоспары | | 04.09.23ж |
| | «Жолда жүру ережелерін білесің бе?» «Жол жүру ережелерін білеміз бе?» | 1-8 | Тәрбие сағаты | сынып сағатының жоспары | Жол көлік инсекторы | Сынып жетекшісі Кітапханашы,бастауыш класс мұғалімі 04.09 |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Кітапты жан ашық деп қанып іш» / төрт тоқсан-төрт өнер жобасы/ | 2-4 | Сайыс,жылдамдықпен оқу | Әлеуметтік желі | | Сынып жетекшісі |
| | «Мемлекеттік рәміздер-ұлттық мақтанышымыз» | 1-11 | Сыныптан тыс шара | Тәрбие сағаты жоспары | Пән мұғалімдері | Сынып жетекшісі |
| | «Отбасы- бақыт мекені» \\Менің жанұям | 1-11 | Сынып сағаты | Тәрбие сағаты жоспары | Ата-аналармен бірге | |
| | Мектеп ауласын көгалдандыру және абаттандыру бойынша сенбіліктер өткізу. | 1-11 | Абаттандыру жұмыстары Жоба жұмысы | Әлеуметтік желіге жариялау | | «Жасыл мектеп» жоба жетекшісі |
| | Менің жақсы қасиеттерім \\Ұл бала мен қыз баланың жеке гигиенасы\\ | 4 | Сынып сағаты | Тәрбие сағаты жоспары | Класс жетекшісі | 11.09.23ж |
| | «Денсаулықтың 6 шарты таза ауа, дұрыс тамақтану. | 1-11 Сыныптар | Дәріс оқу, жарнама тарату | Іс-шараның жоспары | | Әлеуметтік педагог Мектеп медбикесі Психолог |
| | Кітап білім бұлағы | 4 | Сынып сағаты | Тәрбие сағаты жоспары | Класс жетекшісі | 18.09.23ж |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Менің құқығым<br>\\Ұлдар мен қыздардың психоэмоционалдық тәртібі\\ | 4 | Сынып сағаты | Тәрбие сағаты жоспары | Класс жетекшісі | 25.09.23ж |
| | 1қазан - Қарттар күніне орай «Қазыналы қарттарымыз аман жүрсін!»<br>\\Өрт деген неден пайда болады?\\ | 4а 4б | Сынып сағаты | мерекелік шара | Ата-аналар<br>Ардагер ұстаздар<br>Қамқоршылық кеңесі | Әлеуметтік желіге |
| | «Ұстазы жақсының-ұстамы жақсы...»<br>\\От адамның досы және жауы\\ | 4 | Сынып сағаты | Тәрбие сағаты жоспары | Класс жетекшісі | 02.10.23ж |
| | Сыпайы сөйлеу – сыйласу<br>\\Тұрмыстарыңызды өрттен сақтаңыздар\\ | 4 | Сынып сағаты | Тәрбие сағаты жоспары | Класс жетекшісі | 09.10.23ж |
| | «Аяулы күз, алтын күз!»<br>\\Өрт қауіпсіздігінің эвакуациялық жоспары\\<br>\\Білім алушылардың топпен және қатармен жүру ережелері.\\ | 4 | Сынып сағаты | Тәрбие сағаты жоспары | Ата-аналар<br>Ардагер ұстаздар | 16.10.23ж |
| | 25-қазан Республика күніне орай «Республикам менің»<br>\\Конституция-мемлекетіміздің негізгі Заңы.\\ | 4 | Сынып сағаты | Тәрбие сағаты жоспары | Класс жетекшісі | 23.10.23ж |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Әдептілік-тәрбие бастауы | 4 класс | Ашық тәрбие сағаты | Тәрбие сағаты жоспары | Класс жетекшісі | 20.11.23ж |
| | «Ұлы дала перзенттері....» *ЖүсіпбекАймауытовтың туғанына 135 жыл. Сұлтанмахмут Торайғыровтың туғанына 150 жыл* \\Білім алушылардың топпен және қатармен жүру ережелері.\\ | | Сынып сағаты | Тәрбие сағаты жоспары | Класс жетекшісі | 27.11.23ж |
| | «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» \\ Жақсы деген немене,жаман деген немене?\\ | | Сынып сағаты | Тәрбие сағаты жоспары | Класс жетекшісі | 6.11.23ж |
| | *15 қараша - Ұлттық валюта күні* \\Адам-қоғамның бір бөлігі. Адамның қоғаммен байланысы.\\ | 4 | Сынып сағаты | Тәрбие сағаты жоспары | Класс жетекшісі | 13.11.23ж |
| | 1 желтоқсан ҚР Тұңғыш Президенті күні \\Жол жағдайларын макетте (пішімде) талдау. Арнайы авто алаңда өткізілетін тәжірибелік сабақтар.\\ | 4 | Сынып сағаты | Әлеуметтік желіге жариялау сынып сағатының жоспары | Ата-аналар Ардагер ұстаздар | 04.12.23ж |
| | Қазақтың ұлттық тағамдары | 4 | Сынып сағаты | | Класс жетекшісі | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | \\«Ақпаратты бағалай отырып»\\ | | | | | 18.12.23ж |
| | «Тәуелсіздік-тұғырым» \\Мен-Қазақстан Республикасының азаматымын.\\ | 4 | Сынып сағаты | Тәрбие сағаты жоспары | Ата-аналармен бірге | 11.12.23ж |
| | Жаңа жыл мерекесі<br>\\Алғашқы өрт сөндіру қадамы. Қауіпсіздік белгілері\\ | 4 | Сынып сағаты | Әлеуметтік желіге жариялау сынып сағатының жоспары | Ата-аналармен бірге | 25.12.23ж |
| | «Көк тудың желбірегені» *(«Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)* | | Дәріс оқу, жадынама тарату | Әлеуметтік желіге жариялау | | Пән мұғалімдері<br>Сынып жетекшілері |
| | «Мен оқыған кітап» *(«Оқуға құштар мектеп» жобасы)* | | Дәріс оқу, жадынама тарату | Әлеуметтік желіге жариялау | Ұстаздар Кітапханашы | Пән мұғалімдері<br>Сынып жетекшілері |
| | Қысқы ойын түрлерінен жарыс , 1-4-класс көңілді старт | | | Әлеуметтік желіге жариялау | | Пән мұғалімдері Спорттық секция жетекшілері Сынып жетекшілері |
| | «Мақал – сөздің азығы, жұмбақ – ойдың қазығы» *(«Бесігар кітапханасы» жобасы)* | 1-4 Сыныптар | Дәріс оқу, жадынама тарату | Әлеуметтік желіге жариялау сынып сағатының жоспары | Пән мұғалімдері Тәрбие ісінің орынбасары | Пән мұғалімдері<br>Сынып жетекшілері |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | «Рәміздер-патриоттық тәрбиенің бастауы» \\«Өз шешіміне жауапкершілік»\\ | 4 | Сынып сағаты | Тәрбие сағаты жоспары | Класс жетекшісі | 08.01.24ж |
| | Абай әлемі *(«Бизылар кітапханасы» жобасы)* \\Өртті жедел түрде сөндіру және өрттің сигналдық белгілері\\ | 4 | **ашық тәрбие сағаты** | Әлеуметтік желіге жариялау сынып сағатының жоспары | Пән мұғалімдері Тәрбие ісінің орынбасары | Пән мұғалімдері Сынып жетекшілері 22.01.24ж |
| | «Ерте, ерте ,ертеде... » ертегілерден көрініс | өлең оқу 4 сыныптар | байқау | Әлеуметтік желіге жариялау сынып сағатының жоспары | | Пән мұғалімдері Сынып жетекшілері |
| | Денсаулық зор байлық \\Адам денсаулығы, адамның анатомия физиологиясының қарапайым анықтамасы\\ | 4 | Сынып сағаты | Тәрбие сағаты жоспары | Класс жетекшісі | 15.01.24ж |
| | Ырым тыйым сөздер | 4 | Сынып сағаты | Тәрбие сағаты жоспары | Класс жетекшісі | 29.01.24ж |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | «Менің әкем – жақсы адам» | 4 | Сынып сағаты | Тәрбие сағаты жоспары | Класс жетекшісі | 05.02.24ж |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Зиянды заттар зардабы<br>\\СПИД сұрақтары\\ | 4 | Сынып сағаты | Тәрбие сағаты жоспары | Класс жетекшісі | 12.02.24ж |
| | Бата алғанның бағы бар<br>\\Жеке қауіпсіздік ережелері\\ | 4 | Сынып сағаты | Тәрбие сағаты жоспары | Класс жетекшісі | 19.02.24ж |
| | «Алғыс айту – адамның адамгершілік иестінің бастауы»<br>\\«Қоғамға келтіретін зияны»\\ | 4 | Сынып сағаты | Тәрбие сағаты жоспары | Ата-аналармен бірге | 26.02.24ж |
| | «Аналар , асыл жандар» | 4 | Сынып сағаты | Тәрбие сағаты жоспары | Класс жетекшісі | 04.03.24ж |
| | Таза су –денсаулық кепілі | 4 | Сынып сағаты | Тәрбие сағаты жоспары | Класс жетекшісі | 11.03.24ж |
| | «Наурыз – берекем, Наурыз – мерекем!»<br>\\Темір жол өтпелері\\ 16ЖБ | 4 | Сынып сағаты | Тәрбие сағаты жоспары | Ата-аналармен бірге | 18.03.24ж |
| | Ғарышкерлер күні<br>\\Жарақаттар кезінде алғашқы медициналық көмек көрсету біліктілігін арттыру.\\ | 4 | Сынып сағаты | Тәрбие сағаты жоспары | Класс жетекшісі | 08.04.24ж |
| | Достық қымбат өмірде<br>\\ достық деген не?\\ | 4 | Сынып сағаты | Тәрбие сағаты жоспары | Класс жетекшісі | 15.04.24ж |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Мұзафар бапалар жазушысы<br><br>\\Өрт автокөлігі және өрт қауіпсіздендіру құралдары\\ | 4 | Сынып сағаты | Тәрбие сағаты жоспары | Класс жетекшісі Кітапханашы | 22.04.24ж |
| | «Ұлттар достастығы»<br><br>\\Өрт кезінде не істеу керек?\\ | 4 | Сынып сағаты | Тәрбие сағаты жоспары | Класс жетекшісі | 29.04.24ж |
| | 7 мамыр Отан қорғаушылар<br><br>9 мамыр Жеңіс күні | 4 | Сынып сағаты | Тәрбие сағаты жоспары | Класс жетекшісі Ардагерлер | 06.05.24ж |
| | «Құқықтық жауапкершілікті сезіну- азаматтың парызы»<br>\\\Қорытынды сабақ.\\ | 4 | Сынып сағаты | Тәрбие сағаты жоспары | Класс жетекшісі | 13.05.24ж |
| | Бастауышпен қоштасу | 4 | Сыныптан тыс шара | Әлеуметтік желіге жариялау Шара жоспары | Ата-аналармен бірге | 20.05.24ж |